

Абай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 43/9-VI "2020-2022 жылдарға арналған Медеу ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 қарашадағы № 55/8-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 қарашада № 7846 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 58/14-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 28.12.2020 № 58/14-VI шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, Абай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 26 қазандағы № 54/2-VI "2020-2022 жылдарға арналған Абай ауданының бюджеті туралы" Абай аудандық мәслихатының 2019 жылдың 30 желтоқсандағы № 42/9-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7775 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Абай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 43/9-VI "2020-2022 жылдарға арналған Медеу ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6678 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 27 қаңтарда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Медеу ауылдық округінің бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 25 475,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 827,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 0 теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
трансферттердің түсімі – 24 648,0 мың теңге;
2) шығындар – 25 475,0 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 теңге;
қарыздар түсімі – 0 теңге;
қарыздарды өтеу – 0 теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 теңге.";
аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес келесі редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

А. Белибаев

Е. Лдибаев

Абай аудандық мәслихатының
2020 жылғы 13 қарашасы
№ 55/8-VI шешіміне
қосымша

Абай аудандық мәслихатының
2020 жылғы 15 қаңтардағы
№ 43/9-VI шешіміне
1 қосымша

2020 жылға арналған Медеу ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сома (мың теңге)
	Сыныбы		Атауы	
		Кіші сыныбы		
			I. КІРІСТЕР	
1			Салықтық түсімдер	827,0
	01		Табыс салығы	138,0
		2	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	138,0

	04		Меншікке салынатын салықтар	689,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	11,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	678,0
2			Салықтық емес түсімдер	0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	0
		1	Жерді сату	0
4			Трансферттер түсімі	24 648,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	24 648,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	24 648,0

Функционалдық топ					Сума (мың теңге)
	Кіші функция				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
	Бағдарлама				
	Атауы				
				II.ШЫҒЫНДАР	25 475,0
1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	20 388,0

	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	20 388,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20 388,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20 388,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
7				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 649,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	1 649,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 649,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	150,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 499,0
12				Көлік және коммуникация	3 000,0
	1			Автомобиль көлігі	3 000,0

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 000,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 000,0
13				Басқалар	438,0
	9			Басқалар	438,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	438,0
			040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	438,0
				ІІІ. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0

			IV. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	0
			VI. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)	0
			Қарыздар түсімі	0
			Қарыздарды өтеу	0
			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	0